

БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

Көрісу мерекесі

ЖАРИЯЛАНДЫ
13.03.2023СІЛТЕМЕ
https://bilimger.kz/134401/

Ал сіздің бұл мереке туралы естуіңіз бар ма?

Көрісу немесе амал мерекесі депте жатады. Көрісу мерекесі адамдардың бір-бірімен амандасып, жақсы тілектер тілейтін мереке. Егерде белгілі бір себептермен 14 наурыз күні болмаған немесе сырт жақта жүрген кез келген адам ауылға келген бойда қариялардың қолын алып, сәлем беруге тиіс. Мұндай қызықты білдіңіз бе?

Көрісу мерекесі халықтың қыстан аман-есен шыққанына қуанып, бір-біріне “Бір жасыңмен”, “Бір жасқа есеюіңмен, осы жылға аман-сау жетуіңмен” деген сөздерді де естіп жатамыз. Бұл мерекенің тағы бір ерекшелігі: біреуге реніші бар адам өкпесін ұмытып, ренжіскен адамына кіріп амандық, саулық сұрасып көріседі. Осылайша суық қарым-қатынасты жібітеді.

Ал сіз жақта бұл мереке тойланады ма?

Айта кетейік бұл мереке 1988 жылдан бастап «Амал» деп аталады. Қазірде бұл мереке Қазақстанның Батыс өңірлерінде жалғасын тауып, тойланып жатыр

ҚМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.